

Қарағанды облысын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қыркүйек N 1158

Соңғы кезде Қарағанды облысында өндіріс көлемінің күрт төмендегені, тұтынушылық тауарлар нарығының тенденстірілмеуі, кәсіпорындар арасындағы экономикалық байланыстың бұзылуы, инфляция екпіні мен бюджет жетімсіздігінің үдеуі байқалып отыр, мұның өзі халық өмірінің деңгейіне теріс өсерін тигізіп отыр.

Бұл облыс басшыларының аймақ кәсіпорындарының қызметіне бақылау жасаудан өз бетінше шеттеуінен, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердін, Зейнетақы қорына қаржылардың уақтылы алғынуна бақылауды босаңсытуынан және ойластырылмаған тариф саясатынан туындалп отыр.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында 53,5 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда оның көлемі 18,5 процентке қысқарды, ал тұтынушылар нарығына жұмыс істейтін салаларда өндіріс көлемі 40,9 процентке кеміді, бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс өсерін тигізді.

Мыналарды атап айтқан жөн: 1995 жылы "Испат-Кармет" акционерлік қоғамының бюджетке төленетін негізгі төлемдер бойынша бюджетке түскені: жеке тұлғалардан алғынатын табыс салығы - 144,6 млн. теңге, жер салығы - 0,7 млн. теңге, Жер қойнауын қорғау қорына аударымдар - 0,3 млн теңге, бұған қоса қосылған құнға салынатын салық 6,5 млн. теңге сомасында есептелді, ал үстіміздегі жылдың 1 маусымына қарай жеке тұлғалардан алғынатын табыс салығы 154,0 млн. теңге сомасында, жер салығы - 3,0 млн. теңге сомасында түсті, Жер қойнауын қорғау қорына - 6,0 млн. теңге, Табигат қорғау қорына 27,7 млн. теңге аударылды, көлік салығы - 3,0 млн. теңге, мұлікке салынатын салық - 37,6 млн. теңге болды, қосылған құнға салынатын салық 53,3 млн. теңге сомасында басқа төлемдер есебіне есептелді.

Үстіміздегі жылдың жеті айында салықтар мен төлемдер жинау жөніндегі жоспар 57,7 процентке орындалды, 5 млрд. теңгедей сома бюджетке түспей қалды.

Үстіміздегі жылдың 1 тамызына қарай салықтар бойынша жетімсіздік 4150,5 млн. теңгені құрады.

Облыс әкімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің аймақтың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған:

"Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар Жоспары туралы" 1995 жылғы 10 тамыздағы N 1110;

"Жеңіл және ағаш өндіреу өнеркәсібі кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шаралары туралы 1996 жылғы 24 маусымдағы N 776;

"Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1996 жылғы 16 шілдедегі N 908 қаулыларын толық мөлшерде орындаламады.

Жалақы, зейнетақы, жәрдемақы төлеу жөніндегі берешекті өтеуге республикалық бюджеттен жалпы сомасы 550 млн. теңге қаражат бөлінді, оның ішінде зейнетақы төлеу жөніндегі берешекті өтеуге "Бюджеттік ұйымдардың Зейнетақы қорына берешектерін өтеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 мамырдағы N 627 қаулысына сәйкес Қарағанды облысына 120 млн. теңге бөлінген болатын.

Қаржы-шаруашылық сауықтыру және Қарағанды облысында қалыптасқан жағдайды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қарағанды облысының әкімі (П.П.Нефедов):

бюджеттің кіріс бөлігін орындау, жалақы, зейнетақы төлеу жөніндегі берешекті жою, алымның толық алынуын және Зейнетақы қорының мақсатқа сай жұмсалуы жөніндегі кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдасын;

жылу электр энергиясын тұтынушылардың облыстың энергиямен жабдықтаушы ұйымдарының алдындағы берешегін азайту мақсатында "Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің ұйымдарға (берушілерге) пайда болған берешектерін, оларды соңғыларының бюджетке төленетін төлемдер берешектерін өтеуі есебіне есептеу арқылы өтеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 шілдедегі N 719 P960719_ қаулысында көзделген ресімдерді сактай отырып, өзара қарыздарға есептеу жүргізсін;

Қарағанды облысының жеңіл өнеркәсібі кәсіпорындарының басшыларымен бірлесіп оларды қаржылық сауықтыру мақсатында, осы кәсіпорындардың "Жеңіл және ағаш өндіреу өнеркәсібі кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шаралары туралы" 1996 жылғы 24 маусымдағы N 776 P960776_ қаулысына сәйкес тендерге қатысуы мәселесін пысықтасын;

облыстық салық қызметінің басшыларына бюджеттерге негізгі төлемдер бойынша алынбай қалған сомаларды қысқарту жөніндегі жеке жауапкершілікті жүктесін және жергілікті салықтар жөніндегі жоспарланған көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

үстіміздегі жылдың 15 тамызына дейін әлеуметтік сала мен тұрғын үй қорының жергілікті бюджеттер балансына берілген объектілерін ұстау үшін 1996 жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде өтейтін етіп 200,0 млн. теңге сомасында бюджеттік несие

бөлсін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі арқылы:

- 1996 жылдың 20 қыркүйегіне дейін "Қарағандырезинотехника" акционерлік қоғамына (екінші транш) - 260,0 млн. теңге;

- "Испат-Кармет" акционерлік қоғамынан алынған сомадан зардаптарды жою жұмыстары мен еңбек ақы төлеу үшін "Испат-Кармет" акционерлік қоғамына кірмеген Майқұдық, Северная, Дубовская, Топар және Степная шахталарына 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін 305,0 млн. теңге бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, мемлекеттік Медетші банкі Қарағанды облысының кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөнінде қабылданған Үкімет шешімдерін қалтқысыз орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдап, 1996 жылдың 30 қыркүйегіне дейін Үкіметке баяндасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі